

Г.Ж. Утегенова*, Ә. Қожан, М. Әжіхан

ф.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

студент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

студент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

*Корресподент авторы: gulzi_2615@mail.ru

ҚИМЫЛДЫҢ ДАМУ, ЖАСАЛУ, ҮСТІНДЕ ЕКЕНІН БІЛДІРЕТІН АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАНТТАР

Түйін

Сөздің аналитикалық формасы туралы ілім- тіл білімінің жаңа саласы. Ол бүкіл әлем бойынша тілдердің морфологиялық топтастырылуына байланысты пайда болды және тілдердің морфологиялық топтастырылуының басталуы бір жарым ғасырдан астам уақыт бойы өлшенді. Тілдерді морфологиялық тұрғыдан топтастыру нәтижесінде аналитикалық тілдер танылды. Құрылысы жағынан аналитикалық тілдердің таныла бастауы зерттеушілерді морфологияның аналитикалық ерекшеліктерін зерттеуге әкелді. Осымен байланысты тіл білімінде сөздің аналитикалық формасы туралы теория пайда болды. Индоевропа тілдері аналитикалық тілдер деп танылғандықтан, сөздің аналитикалық формасы да алдымен осы тілдері зерттелді, осының нәтижесінде бұл тілдерді сөздің аналитикалық формасы туралы теорияның негізі салынды. Бірақ бұл тілдерде де сөздің аналитикалық формасы туралы теория әбден қалыптасты деп айтуға болмайды. Оларда да жетілмеген, даулы мәселелер әлі жеткілікті. Соңғы кезге дейін тіл білімінде сөздің аналитикалық формасы тек аналитикалық тілдермен, яғни индоевропа тілдерімен ғана байланысты деп саналады.

Кілттік сөздер: Тіл білімі, түркітану, лексика, семантика, етістік.

Кіріспе

Сөздің аналитикалық формасы туралы ілім- тіл білімінің жаңа саласы. Ол дүние жүзіндегі тілдерді морфологиялық тұрғыдан топтастырумен байланысты пайда болды, ал тілдерді морфологиялық тұрғыдан топтастырудың басталуы бір жарым ғасырдан астам ғана мезгілмен өлшенеді. Тілдерді морфологиялық тұрғыдан топтастыру нәтижесінде аналитикалық тілдер танылды. Құрылысы жағынан аналитикалық тілдердің таныла бастауы зерттеушілерді морфологияның аналитикалық ерекшеліктерін зерттеуге әкелді.

-п келе жат күрделенген аналитикалық форманты қимылдық даму, жасалу үстінде екенін білдіреді. Бұл аналитикалық формант көбіне салт етістіктермен қолданылады [1]. Мысалы, азайып келе жатыр, азып келе жатыр, ажарланып келе жатыр, ағарып келе жатыр, қойлап келе жатыр т.б.

-п келе жат аналитикалық форманты көбіне бір сападан екінші сапаға ауысуды білдіретін етістіктерге жалғанады [2].

Бұл формадағы етістікке ұқсас күрделі етістіктер бар. Мысалы, қайтып келе жатыр, барып келе жатыр, көшіп келе жатыр т.б. Бұл мысалдарда лексикалық мағынаны қайтып кел, барып кел, көшіп кел күрделі етістіктері білдіреді, оларда – а жатыр аналитикалық форманты тіркескен. Оны байқау үшін -е жатыр аналитикалық формантының орнына басқа аналитикалық формант қолдануға болады: қайтып келе бер, қайтып келе сал, қайтып келе алмайды т.б.

Кейде сөз тіркесінің де ұқсас болуы кездеседі. Мысалы, ол асығып келе жатыр. Бұл мысалда асығу, келу етістіктерінің лексикалық мағынасы бар. Сөйлемде асығып пысықтауыш болады, ал келу қимылын пасықтап тұр, ал –е жатыр -аналитикалық формант.

-п бара жат күрделі аналитикалық форманты -п келе жат формантымен синоним. Бұл формант та қимылдың дамуы, процесс үстінде екенін білдіреді [3].

Қимылдың дамуын білдіретін бұл формант та көбіне салт етістіктерге тіркеседі: азайып бара жатыр, азып бара жатыр, ажарланып бара жатыр, ағарып бара жатыр, асқынып бар жатыр, жүдетіп бара жатыр, жалықтырып бар жатыр т.б.

Бұл аналитикалық формант та бір санадан екінші сапаға көшуді білдіретін етістіктерге тіркеседі. –п бара жат, -п келе жат форманттары бар, кел етістіктеріне және екінші компоненті бар, кел етістіктерінен жасалған күрделі етістіктеріне тіркесе, қимылдың дамуын білдіреді: бара жатыр, қайтып келе жатыр, біліп келе жатыр, көріп келе жатыр т.б. [4].

Екінші компоненті бар етістігінен жасалған күрделі етістіктерге -е жат аналитикалық форманты тіркескенде, олар -п бара жат күрделі аналитикалық формантымен тұлғалас, ұқсас болады. Бірақ онда бар етістігі өзінің кеңістікте қозғалу мағынасын сақтайды. Мысалы, қайтып бар, айтып бар т.б. күрделі етістіктерге - а жат форманты қолданғанда, оның түбірі - күрделі етістік, аналитикалық форманты дара болады: қайтып бара - жатыр.

-а жат аналитикалық формант -п келе жатыр, -п бара жатыр аналитикалық формантымен синонимдес [5]. Бұл аналитикалық форманттарға төмендегідей мысалдар жиналды.

Бұл топқа қарай ауылдың үлкендері де жан- жақтан дабырлап сөйлеп, ағылып келіп жатыр. Осы араға Қодар мен Қашқаны алып келе жатты. Жолшыбай “келінімен тілдеермін” деп, Қамысбай Қодарды алдына салып, өзі әдейі оң бойы жер артта, іркіле жүріп келе жатыр. Көзінің оты жарқ етті де, сөніп бара жатты. Ол оң бойы ұзап кетіп бара жатып, өз-өзіне ерік беріп, өксіп -өксіп жылап келе жатыр. Екі құлағын бітіргендей боп, дыңылдап соққан екпін желі Абайдың көзінен аққан жастарды, қат-қат тамшыдай, жаңағы көде мен бөтегеге ұшырап түсіріп келеді. –Ойбай, бауре-ем,- деп ат қойып келе жатыр. Бәрі де аз уақытта жылқының ішіне кеп кіріп, енді бастары қосылып, Сүйіндіктерге таман жылжып келеді. Енді асыға жүріп келеді. Бос табақтар бөлме- бөлмеден сумаң-сумаң шығып, тағы да асүйге қарай тайпия қалқып келе жатыр. – Шыңғыстың бөктері тегіс көктепті ау!-деп, айналаға көз жіберіп келе жатты. Қылаңы көп, шұбартқан жылқы жиі-жиі пысқыры түсіп, жіті басып келеді. Соған тіркес он түйелі, тағы он бес түйені, сегіз-тоғыз түйелі салқар-салқар көштер бірі артынан бірі шығып, шұбарыта, шұбарылып келеді. Ақырын аяңдап келе жатыр. Бағанадан қалың топтар Құнанбай шоғырына қарап келе жатыр еді. –Құт берекем! -деп, Абай қасындағы кекселеу кісілер шырқап жылап, үн салып келеді. Құнанбай енді бастырып омыраулап, “Бар Жігітек қолын қашырамын” деп, екпіндеп келе жатыр. Бірен-саран, Ырсай Сияқты босаң қарттар жыбайын деп еді, Құнанбай зекіп: -Көрсетпе, түге, көз жасыңды!- деді. Едігі қайтысында Тобықтының старшыны Майбасарды орнынан түсіріп, соның орнына өзі сайланып қайтып келе жатыр. Қонақтар төрт тараптың бәрінен қырық-елуден, жиырма-отыздан, лек-лек болып, аттарын жай-жай бастырып , жылжып келе жатыр. Жайластырып, тегіс жатқызып болып, Түндіктерін жапқызып, Абайларын ас ошағына қарай қайтқанда, жаздың қысқы таңы сарғайып атып келеді екен. Шырқап келеді. Жолдасы күйін ұққандай боп, жымыып қана күліп, сүйсіне қарап келеді екен. Ол мінезі күйеуіне сай болып, осы кезде бұл үй тез байып келе жатыр. Анадайдан құлақ салып, Абайдың ашулы үнін естіп келе жатыр. Алатын ақысы құр ғана “ішіп –жем” болғандықтан, талай жандар атадан бала, баладан немереге шейін үнемі кісі босағасын тоздырумен өтіп келеді. Ол қандай тон киіп, қалайша тіл қатып келеді. Балағаз сойыл сүйретіп келеді. Бірақ, әрқашан: “Ұшқан шыбын, жорғалаған қоңыз жоқ” деп қайтып келеді. Қазір Ербол мініп келген семіз көк атқа кәжаба шана жегіп, екі жігіт қатар отырып, сор желдіріп келеді. Енді , бірақ сондағыдай үміт, бақыт тілегін қаладан іздеп, соны аңсап келеді. Бір кезде нанғыш, таза бала жүрегі, барлық рахат, бақыт осы қырда, ауылда деп алас ұрған болса, қазір Абай қайта жортып келеді. Бұл күнде денесі ауырлап, жүріс қозғалысы үлкен қиындыққа айналған Ұлжан есіктен кеп көрінгенде, оның екі жағынан екі әйел қолтықтап, сүйеп келеді екен. Мынау салқын лебі айықпай ескен күншуақты көктем күніне Абай жүрегі өзгеше бір еміреніп келеді. өлең әнге оралып, еркеленіп келеді. Мынау көктем күні Тоғжанды тағы да аса бір сағындырып, қатты көксетіп келе жатыр. Мұңға толған жас жігіт айтып келеді.

Осыдан кейін бұл күйме, алғаш қоладан шыққандағы қалпына қайтып, әңгімесіз ктіп бара жатты. Абай басын қатты тартып тежеп отырмаса, өршелене түсіп, шаба жөнелгісі кеп, оттай жанып келеді. Ербол күреңді көптен бағып келе жатыр еді. Абай да күреңді аса бір сенімді, берік дос танып, сүйсініп келе жатыр еді. Абайлар қатты жүрісті ауыл іргесіне таңай бере бәсеңдетіп, енді түсер үйді болжасып келе жатыр. Алдарына әлдеқашан үріп шыққан көп иттер ауыл үстін беймаза қып, тау жаңғырта шабаланып келеді. Бірақ Абай дегбірі қашып, ес тоқтатпаған жас баладай боп, алас ұрып, ұмтылып барады. Жасы жетпіске кеп қалса да дәл сол жұрттың мақтауы қанат бітіріп, өз басымен күн көріп, қолтықтап келе жатыр ғой. Туғанымнан бері бүгін міне өлмелі күніме шейін Ырғызбай мен Жігітек жуандары елмен елді қоспай, арасын ашып келеді. Дәрмен Әбіш ойының оқыс сыны мен байлауына танданып келеді. Үш крестьян Өдекке еріп Базаралыныңкіне кеткенде, жаңағы Дарья бастаған әйелдер және де өзге абалардан ыдыстарын алып келген жас балалары бар аналар, әжелер осы ауырлдың бар үйлерін жағалап келеді. Кейде от басында құр бидай қуырып отырған шешелерді, жас қыздарды көріп тамағын қарасаңшы, жалғыз бидай,- деп, бас шайқап келеді. Дарья да бағанадан бас изеп, ойланып келе жатыр еді. Сол жеміт айдаһардың жарқыраған жалыз көзіндей боп күрең айырдың мол қасқасы, айқындап жарқырап келеді. Орыстар аздан соң “Ура, ура!”, “Ура, ура!” деп, үлкен соғыстағы сүрендерін салып, білек құрыштарын енді жазып келеді.

-Былтырдан бері, Пертербордағы докторлардың айтуы бойынша, менің өкпеме науқас ілініп келеді. Тек төртінші күні ғана бұл жолаушылар тобы Қарамола тұсына жетіп, Шор өзенінің бойын құлдап келе жатты. Он тоғызында тоқсандағы қарттың даналығына жеткен, өзінен мүшел үлкен жұрт аға тұтатын, атасы-атаңның алдына шықпаған, тұқым-тұяғымен қазақтың қызыл күрең туына берік тұғыр болып келе жатқан бауырың –Жалым сұлтан ұлы Тұрсын- Мұхамед сұлтан бар...

-Сұлтан, шаңыраққа қарашы, біз кейін қарай көшіп бара жатқан сияқтымыз,-деді кенет Ай-шешек. – Кейін көшіп бара жатқан – бұлт, -деді, -деді Ораз – Мұхамед шаңыраққа қарамастан. –Тентек болып барады. Жүктерін еркін тартып, бірінің көлеңкесін бірі баса. Шөбі жұтаң, егіз тілді көне соқпақ сорабымен баяу ырғытыла аяндап барады. Жұрт та дігірлетіп барады. Бауырым езіліп, бел омыртқам үзіліп бара жатты. Әп-сәтте –ақ торпандарды басып озып, кер даланы бетке алып, жүйткі сілтеп бара жатады. Бес бала тапқан әйелдің бітісіндей, дөңгеленіп, жалынып бара жатыр екне. Бірақ қан төгістен тыс, бейбіт тіршілік әукіне беріліп бара жатты. Әлде қорықты ма, әлде сұлтаға бас ұрғаны ма, иегі шошайып, көзі шарасынан шығып кеткен керуен басы да, буыны босап, тізесі бүгіліп бара жатты. Төмен қарап, кісендерін салдырата, сүйретіле басып келеді. Басын изеп тастап, анда-санда сулығын тарта пысқырып, аршынды аяңға түскен Азбан-Сұр да арқасы жаңа кеңігендей, көк толқынды жапыра жүзіп келеді. Әрі ілгері озып барады. Іркес – тіркес тізілген топ аққу төбеден асып барады екен. Бұрылып қарап еді, сүйретадегі артқы неше де жапырылып барады екен. Дігірлетіп барады. Шұбатылған ұзын жеңіл жиырып, білегіне жинап алып, қып-қызыл қолын сілтей сөйлеп, домаланып келеді. Орыс бектерінің де атақ-дәрежеге, орынға таласатынын, бақ-бәсеке жолында оң қадамының өзін теріс танытып, ретін тауып бірінің көзін бірі жойып та жататынын естіді, аңдады, байқап келеді.

Тілдерді морфологиялық тұрғыдан топтастыру нәтижесінде налитикалық тілдер танылды. Құрылысы жағынан аналитикалық тілдердің таныла басауы зерттеушілерді морфологияның аналитикалық ерекшеліктерін зерттеуге әкелді. Осымен байланысты тіл білімінде сөздің аналитикалық формасы туралы теория пайда болды [6].

Проффесор А.А.Юлдашев түркі тілдеріндегі етістіктің аналитикалық формаларын зерттеп, бұл тілдерде аналитикалық форманың барын дәлелдеді. Ол түркі тілдеріндегі аналитикалық формалардың өзіндік белгілерін, олардың категорияларға қатысын көрсетіп, 50-ден аса аналитикалық формаларды талдайды [7].

Қорытынды

Етістіктің аналитикалық форманты жетекші етістікке қосылып айтылатын қосымшалар мен көмекші етістіктен құралған, етістіктің белгілі бір грамматикалық категориясына қатысты мағынаны білдіретін морфологиялық көрсеткіштерді айтамыз. Аналитикалық форманттар, негізінде, жетекші сөзге қосылған бір қосымша мен бір көмекші етістіктен құралады. Қазақ тілі етістіктің аналитикалық формантына өте бай. Етістікте жетпістен аса налитикалық формант бар. Анлитикалық форманттар тілімізде өте жиі қолданады. Сондықтан олар сан жағынан өте көп.

Әдебиеттер тізімі

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. - 581 б.
2. Маманов И.Е. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. Алматы: Мектеп, 1966. – 155б.
3. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы: [б.и.], 1998. -304 б.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі, Алматы: Мектеп, 1974. – 408б.
5. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. Алматы: Ғылым, 1975. – 230 б.
6. Масалиева Ж.А. Қазақ тіліндегі толымсыз көмеші етістік. Шымкент: Әлем, 2005. – 200б.
7. Юлдашев А.А. Аналитические формы глагола в тюрских языках. М.: Наука, 1965. С. 274.

Г.Ж. Утегенова*, А. Кожан, М. Ажихан

Кандидат филологических наук, доцент, ЮКУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан
студент, ЮКУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан
студент, ЮКУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

***Автор для корреспонденции: gulzi_2615@mail.ru**

АНАЛИТИЧЕСКИЕ ФОРМАНТЫ, УКАЗЫВАЮЩИЕ НА ТО, ЧТО ДВИЖЕНИЕ НАХОДИТСЯ НАД РАЗВИТИЕМ, ТВОРЕНИЕМ

Аннотация

Учение об аналитической форме слова - новая отрасль лингвистики. Он возник в связи с морфологической группировкой языков по всему миру, а начало морфологической группировки языков измеряется более полутора веков. В результате морфологической группировки языков были признаны аналитические языки. С точки зрения построения, признание аналитических языков привело исследователей к изучению аналитических особенностей морфологии. В связи с этим в лингвистике появилась теория об аналитической форме слова. Поскольку индоевропейские языки признаны аналитическими языками, аналитическая форма слова также была впервые изучена на этих языках, в результате чего эти языки были заложены в основу теории аналитической формы слова. Но даже в этих языках нельзя сказать, что теория аналитической формы слова вполне сформирована. У них тоже незрелые, спорных вопросов пока хватает. До недавнего времени в лингвистике считалось, что аналитическая форма слова связана только с аналитическими языками, то есть с индоевропейскими языками.

G.Zh. Utegenova*, A. Kozhan, M. Azhihan

Candidate of Philological Sciences, associate professor, M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan
student, M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan
student, M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

***Corresponding author: gulzi_2615@mail.ru**

ANALYTICAL FORMANTS INDICATING THAT MOVEMENT IS ABOVE DEVELOPMENT, CREATION

Abstract

The doctrine of the analytical form of the word is a new branch of linguistics. It arose in connection with the morphological grouping of languages around the world, and the beginning of the morphological grouping of languages has been measured for more than a century and a half. As a result of the morphological grouping of languages, analytical languages were recognized. From the point of view of construction, the recognition of analytical languages has led researchers to study the analytical features of morphology. In this regard, a theory about the analytical form of a word has appeared in linguistics. Since the Indo-European languages are recognized as analytical languages, the analytical form of the word was also studied for the first time in these languages, as a result of which these languages were laid the basis for the theory of the analytical form of the word. But even in these languages, it cannot be said that the theory of the analytical form of the word is fully formed. They are also immature, there are still enough controversial issues. Until recently, it was believed in linguistics that the analytical form of a word is associated only with analytical languages, that is, with Indo-European languages.

Қатынасхаттар үшін жауапты автор туралы ақпарат:

Г.Ж. Утегенова

ф.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

E-mail: gulzi_2615@mail.ru

Информация об авторе, ответственном за сообщения:

Г.Ж. Утегенова

Кандидат филологических наук, доцент, ЮКУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

E-mail: gulzi_2615@mail.ru

Information about the author responsible for contacts:

G.Zh. Utegenova

Candidate of Philological Sciences, associate professor, M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

E-mail: gulzi_2615@mail.ru